

БЕКІТЕМІН  
«Жәңгір хан атындағы Батыс  
Қазақстан аграрлық-техникалық  
университеті» КеАҚ  
басқарма төрағасы - ректор  
А.М. Намсұров  
«16» \_\_\_\_\_ 2024 ж.



БӨЛІМ ЕРЕЖЕСІ  
**ӘСКЕРИ КАФЕДРА ТУРАЛЫ**  
СМЖ.07.БЕ.26

№ 06 басылым

№ \_\_\_\_ дана

Дайындалды: 12.09.2024 ж.	Келісілді: 13.09.2024 ж.	Енгізілді: 17.09.2024 ж.
Досмухамбетов Р.К. <u>Р.К.</u>	Таубаев Ө.Б. <u>Ө.Б.</u> Алмағамбетова М.Ж. <u>М.Ж.</u> Тасқалиев Е.К. <u>Е.К.</u> Ихсанов Е.Б. <u>Е.Б.</u>	17.09.2021 ж. СМЖ.07.БЕ.26 орнына Қайта қаралуы: 18.09.2024 ж.

**Мазмұны:**

1. Жалпы ережелер
2. Құрылымы мен штаты
3. Мақсаты мен негізгі міндеттері
4. Қызметтері
5. Құқықтары
6. Жұмысты ұйымдастыруы
7. Басқа бөлімдермен өзара қарым-қатынасы
8. Жауапкершілігі
9. Сілтемелер

Өзгерістер				
№	Енгізілген мерзімі	Беттер нөмірі	Дайындаушы	
			Тегі, аты, әкесінің аты	Қолы

## 1. Жалпы ережелер

- 1.1. Әскери кафедра (ӘК) – Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің күндізгі оқу бөлімі студенттерінен запастағы офицерлерді және запастағы сержанттарды дайындауды қамтамасыз ететін құрылымдық бөлімшесі.
- 1.2. ӘК Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің бұйрығымен (Үкімет қаулысымен) құрылады және таратылады.
- 1.3. ӘК өз қызметінде ҚР-ның «Білім туралы» Заңын, ҚР БЖҒМ және ҚР ҚМ-нің нормативтік құжаттарын, әскери жарғыларды, университет Жарғысын, университеттің Ғылыми кеңесінің шешімдерін, басқарма төрағасы - ректордың бұйрықтарын, осы Ережені басшылыққа алады.
- 1.4. Әскери дайындыққа жалпы басшылықты ҚР ҚМ ЖЖООКБ басшысымен бірлесіп жүзеге асырады. Әскери дайындыққа тікелей басшылықты Қорғаныс министрі әскери қызметшілер қатарынан, ал қызметшілер (запастағы, отставкадағы офицерлер) қатарынан ҚР ҚМ басшылығымен келісу бойынша ЖЖООКБ басшысы іріктейтін, тағайындайтын және іссапарға жіберетін әскери кафедраның бастығы жүзеге асырады.

## 2. Құрылымы мен штаты

- 2.1. ӘК құрылымы және штаты ҚР Қорғаныс министрінің 2017 жылғы 24 шілдесіндегі «Запастағы офицерлер және запастағы сержанттар бағдарламалары (өзгертулермен және толықтырулармен 19.10.2020 ж. № 534) бойынша әскери дайындық қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына және студенттерді қабылдау жоспарына сәйкес бекітіледі.
- 2.2. Штаттық құрам:

- кафедра бастығы	- 1 бірлік
- әскери кафедра бастығының орынбасары	- 1 бірлік
- цикл бастығы	- 2 бірлік
- аға оқытушы	- 6 бірлік
- оқытушы	- 12 бірлік
- <b>ПОҚ барлығы</b>	- <b>22 бірлік</b>
- аға инженер	- 1 бірлік
- инженер	- 1 бірлік
- аға механик	- 1 бірлік
- жүргізуші-нұсқаушысы	- 1 бірлік
- <b>ИТҚ барлығы</b>	- <b>4 бірлік</b>
- аға маман	- 2 бірлік
- жетекші маман	- 2 бірлік
- <b>ОКҚ барлығы</b>	- <b>4 бірлік</b>
- <b>Барлығы ӘК</b>	- <b>30 бірлік</b>

## 3. Мақсаты мен негізгі міндеттері

- 3.1. Мақсаты:
  - азаматтарды запастағы офицерлер бағдарламасы бойынша әскери қызметке әскери даярлау Қазақстан Республикасының әскери оқытылған резервін қалыптастыру, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері офицерлер құрамының бастапқы лауазымдарын қосымша жасақтау мақсатында алатын жоғары кәсіптік білім негізінде әскери-есептік мамандықтар бойынша жүзеге асырылады;
  - азаматтарды запастағы сержанттар бағдарламасы бойынша әскери қызметке әскери даярлау Қазақстан Республикасының әскери оқытылған резервін қалыптастыру, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері сержанттар құрамының лауазымдарын қосымша жасақтау мақсатында әскери-есептік мамандықтар бойынша жүзеге асырылады.
- 3.2. Негізгі міндеттері:
  - оқу процесін ұйымдастыру, тәрбие және әскери-патриоттық жұмыс, ғылыми-әдістемелік жұмыс және оқу-әдістемелік қызмет;

- негізгі моральдық-психологиялық, кәсіби-жауынгерлік және физикалық қасиеттерді қалыптастыру және дамыту;
- мақсаты бойынша міндеттерді табысты орындау үшін қажетті командалық және әдістемелік дағдыларды дарыту;
- далалық және практикалық дағды, жоғары тактикалық-арнайы және техникалық дайындық.

#### **4. Қызметтері**

- 4.1. Жеке пәндер бойынша сабақтарда оқытудың инновациялық құралдарын, әскери техникалар мен қару-жарақтардың нақты үлгілерін пайдаланып оқыту әдістемесін дайындау, жүзеге асыру;
- 4.2. Оқу құралдарын әзірлеу және пайдалану, әскери-ғылыми және әскери-тарихи конференциялар өткізу;
- 4.3. Ережелер, тәлімдемелер, нұсқаулар мен нұсқаулықтар, нормативтік құжаттардың жобаларын әзірлеу мен талқылауға және ғылыми баяндамалар, мақалалар мен рефераттар дайындауға қатысу;
- 4.4. Оқытушылар құрамының біліктілігін арттыру бойынша іс-шаралар өткізу;
- 4.5. Әскери-ғылыми тақырыптарды запастағы офицерлер мен сержанттарды дайындау бейініне бағыттап дайындау;
- 4.6. Әскери даярлықта оқитын студенттерді әскери-ғылыми жұмыстарға қатыстыру үшін ғылыми жұмыстар мен конференциялардың тақырыптарын дайындау;
- 4.7. Әскери даярлық мамандықтары бойынша білім сапасын жоспарлау, ұйымдастыру және бақылаудың негізгі және қосымша процестерін үйлестіру;
- 4.8. ҚР басқарушы құжаттарына сәйкес оқу жұмыс жоспарларын, бағдарламаларын, оқу процесінің графиктерін, студенттердің өзіндік жұмыстарын дайындау мен жүзеге асыруды қамтамасыз ету;
- 4.9. Оқу материалдық-техникалық базаны жетілдіру, құралдарды, тренажерларды, қолданыстағы нобайларды жасау және жетілдіру;
- 4.10. Кафедраға оқу үшін үміткерлерді сапалы іріктеу;
- 4.11. Университет сайтындағы ақпараттарды жаңартуға қатысу.

#### **5. Құқықтары**

- 5.1. ӘК өкілеттілігін кафедра бастығы жүзеге асырады, бұл оның лауазымдық нұсқаулығында анықталған.
- 5.2. ӘК құқылы:
  - 5.2.1. Маңызды сұрақтарды талқылауға қатысуға және білім қызметінің сапасын жақсарту бойынша ұсыныстар жасауға;
  - 5.2.2. Әскери даярлықтың әдістерін, құралын анықтауға және профессорлық-оқытушылар құрамының оқу жүктемелерін бөлуге;
  - 5.2.3. Оқу материалдық-техникалық базаны, ғылыми, рационализаторлық және өнертапқыштық жұмыстарды жетілдіруге профессорлық-оқытушылар құрамын, инженерлік-техникалық және оқу-көмекші қызметкерлерді, студенттерді қатыстыруға;
  - 5.2.4. Сапалы жұмыстары үшін қызметкерлерді мадақтау шараларын және тәртіп бұзғаны үшін жазалау шараларын ұсынуға.

#### **Жұмысты ұйымдастыруы**

- 6.1. ӘК өз қызметін ҚР Қорғаныс министрінің 2017 жылдың 24 шілдесіндегі № 375 «Запастағы офицерлер және запастағы сержанттар бағдарламалары бойынша әскери дайындық қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына (өзгертулермен және толықтырулармен 19.10.2020 ж. №534), осы Ережеге сәйкес және университеттің

перспективалық және жылдық жоспарлары, ӘК оқу жылына арналған жұмыс жоспары негізінде жүзеге асырады және өз қызметі туралы ҚР ҚМ Әскери білім және ғылым департаментіне, университет басқармасы мен Ғылыми кеңес отырыстарында есеп береді.

- 6.2. Қызметкерлер арасында міндеттерді бөлу олардың өзара алмасуын ескере отырып, лауазымдық нұсқаулықтар негізінде жүзеге асырылады:
  - кафедра бастығы – әскери кафедра бастығының орынбасары;
  - әскери кафедра бастығының орынбасары – цикл бастығы;
  - цикл бастығы – аға оқытушы;
  - аға оқытушы – оқытушы.
- 6.3. ӘК іс жүргізуді бекітілген істер номенклатурасына сәйкес жүргізеді;
- 6.4. ӘК өз қызметін жүзеге асыру үшін қажетті барлық ресурстармен ҚР ҚМ-мен және университет басшылығымен қамтамасыз етіледі.

## **7. Басқа бөлімдермен өзара қарым-қатынасы**

Әскери кафедра өз қызметі шеңберінде білім беру қызметтері мен үдерістерінің жұмыс істеуі және оларды жақсарту мәселелері бойынша университеттің барлық бөлімшелерімен өзара әрекет етеді.

## **8. Жауапкершілігі**

Әскери кафедраның қызметкерлері жауапты:

- 8.1. Лауазымдық нұсқаулықта көрсетілген өздерінің лауазымдық міндеттерін орындамағаны (тиісінше орындамағаны) үшін - ҚР-ның Еңбек кодексімен белгіленген нормалар шегінде;
- 8.2. Өз қызметін жүзеге асыру барысында құқық бұзғандығы үшін – ҚР-ның әкімшілік, қылмыстық және азаматтық кодекстерінде анықталған нормалар шегінде;
- 8.3. Материалдық зиян келтіргені үшін - ҚР-ның еңбек, қылмыстық және азаматтық кодекстерінде анықталған нормалар шегінде.

## **9. Сілтемелер**

ҚР Еңбек кодексі 23.11.2015 ж. № 414-V;

ҚР «Білім туралы» Заңы;

ҚР «Қазақстан Республикасындағы Тілдер туралы» Заңы 11.07.1997 ж. № 151;

ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы 18.11.2015 ж. № 410-V;

ҚР «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Заңы 16.02.2012 ж. № 561-IV;

ҚР Қорғаныс министрінің «Запастағы офицерлер және запастағы сержанттар бағдарламалары бойынша әскери дайындық қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы 24.07.2017 ж. № 375;

«ҚР жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы жанындағы әскери кафедраның әскери лауазымына тағайындау» ҚР Қорғаныс министрінің әскери регламентін бекіту туралы бұйрығы 17.10.2023 ж. № 1050;

«ҚР жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары жанындағы әскери кафедра профессор-оқытушы құрамы лауазымдарының біліктілік сипаттамасы» ҚР Қорғаныс министрінің бұйрығы 15.03.2024 ж. № 255;

«Жәңгір хан атындағы БҚАТУ 2024-2029 жылдарға арналған даму бағдарламасы» 08.02.2024 ж.;

«Жәңгір хан атындағы БҚАТУ» Жарғысы;

«Жәңгір хан атындағы БҚАТУ» ішкі тәртіп ережесі;

«Жәңгір хан атындағы БҚАТУ» нормативтік құжаттары.